

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын
қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

*Астана қ.
Zoom*

№ 4

*2025 жылғы 18 қыркүйек
11:00 сағат*

Қатысқандар: Қоғамдық кеңес мүшелері, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры – Қалмақов Е.Б., Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің инклюзивті және арнайы білім беру департаментінің директоры – Елеусінова Б.О., Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің директоры – Мұханбетов Ә.Ғ., Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментінің директорының орынбасары – Дүйсенбаева Ф.С., Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің персоналды дамыту және басқару департаментінің директорының орынбасары – Досымбетов А.А., Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің инклюзивті және арнайы білім беру департаментінің директорының орынбасары – Жәдігер Қ.Ә., Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің инклюзивті және арнайы білім беру департаментінің инклюзивті білім беру басқармасының бас сарапшысы – Темірбаева М.Ж.

Күн тәртібі:

1. Сағындық Фариданың өз еркімен Қоғамдық кеңес мүшесінен шығу туралы өтінішін қарау.

1.1. Қоғамдық кеңес мүшелері Сағындық Фариданы Қоғамдық кеңес мүшесінен шығару туралы бірауыздан шешім қабылдады.

Бұл шешім ерікті өтініш негізінде және Қоғамдық кеңес туралы Ережеге сәйкес қабылданды.

2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға қосымша білім беру.

2.1. Баяндамаларды тындап талқыланғаннан кейін:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры – Қалмақова Е.Б.,

- Қоғамдық кеңестің жауапты мүшелері – Өлжекова Н.Т., Садықова Р.Ш.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

2.2. Сөз сойлегендердің баяндамалары назарға алынсын.

2.3. Қоғамдық кеңес мүшелерінен сұрақтар келіп түсті және Министрлік өкілдерінен түсініктемелер алынды:

Алғы сөз: қосымша білім туралы жасалып жатқан қадамдар қуанатын жайт. Бұдан бұрынғы Артспорт жағдайы қайталанбау керек. Ең алдымен творчестволық, спорт секциялары өтетін ғимараттардың жағдайларын жасаған кәсіпкерлер қатысуы талап етілу керек. Соған сәйкес қызмет түрі болғанын растау қажет.

1) Ваучер сомасына ауылдық категориялар есептелінген бе?

2) Ваучерге ауылдық жерлердегі балалардың қамтылуы қалай сақталмақ?

Қазақстанның балалары үшін ұсынылатын қосымша білім беру қызметтерінің ашықтығы мен жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында қызмет алушыларды дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, балаларға қосымша білім беруге бірыңғай мемлекеттік тапсырысты (шығармашылық және спорттық, білім беру тапсырыстары) орналастыру бойынша пилоттық жобаны енгізу туралы шешім қабылданды.

Оқу-ағарту, Мәдениет және ақпарат, Туризм және спорт, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің 2025 жылғы 28-30 мамырдағы №75, №125, №251-НҚ, №266/НҚ бірлескен бұйрығымен Пилоттық жобаны жүргізу алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм) бекітілді.

2025 жылғы 1 маусымнан бастап алты өңірде (Астана, Шымкент, Қарағанды, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда қалалары) пилоттық жобаны іске асыру басталды.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта қызмет алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, балаларға арналған қосымша білім беруге бірыңғай мемлекеттік тапсырысты орналастыру бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы жоғарыда аталған бірлескен бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін атап өтеміз.

Жоғарыда аталған бұйрықтың 1-тармағы келесідей жаңа редакцияда ұсынылды: «Көрсетілетін қызметті алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, балаларға арналған қосымша білім беруге бірыңғай мемлекеттік тапсырысты (шығармашылық және спорттық тапсырыстар, қосымша білім беруге арналған білім беру тапсырысы) орналастыру жөніндегі пилоттық жоба (бұдан әрі – Пилоттық жоба) 2025 жылғы 1 маусымнан бастап 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін Атырау, Қарағанды және Қызылорда облыстарында, Астана, Ақтөбе, Шымкент қалаларында іске асырылсын»

Осыған байланысты, Қызылорда, Қарағанды және Атырау облыстарында жүзеге асырылып жатқан пилоттық жобаға облыс аудандарын қосу бойынша шешім қабылданды.

3) Жекеменшік білім ұйымдарында қосымша білім ваучерлері орналастырылады ма?

Жекеменшік білім беру ұйымдары жоғарыда көрсетілген Алгоритм талаптарына сәйкес келген жағдайда, конкурстық негізде қатысуға құқылы.

3. Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың білім деңгейін.

3.1. Баяндамаларды тыңдап талқыланғаннан кейін:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Инклюзивті және арнайы білім беру департаментінің директоры – Елеусінова Б.О.,
- Қоғамдық кеңестің жауапты мүшелері – Үлжекова Н.Т., Құдайқұлова Д.Н., Аубакиров Е.Б.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

3.2. Сөз сойлегендердің баяндамалары назарға алынсын.

3.3. Қоғамдық кеңес мүшелерінен сұрақтар келіп түсті және Министрлік өкілдерінен түсініктемелер алынды:

3.4. Талқылау нәтижелері бойынша Оқу-ағарту министрлігіне ұсынылады: білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуына жағдай жасау бойынша жұмысты жалғастыру.

4. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылар үшін техникалық және кәсіптік білім сапасын арттыру

4.1. Баяндамаларды тыңдап талқыланғаннан кейін:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Инклюзивті және арнайы білім беру департаментінің директоры – Елеусінова Б.О.,
- Қоғамдық кеңестің жауапты мүшелері – Үлжекова Н.Т., Құдайқұлова Д.Н., Аубакиров Е.Б.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

4.2. Сөз сойлегендердің баяндамалары назарға алынсын.

4.3. Талқылау нәтижелері бойынша Оқу-ағарту министрлігіне ұсынылады: ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың техникалық және кәсіптік білім алуына жағдай жасау бойынша жұмысты жалғастыру.

5. Техникалық және кәсіптік білім берудің трансформациясы: кадрларды даярлаудың жаңа моделі. Жұмысшы мамандықтар жылы: Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің трансформациясы.

5.1 Баяндамаларды тыңдап талқыланғаннан кейін:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің директоры – Мұханбетов Ә.Ғ
- Қоғамдық кеңестің жауапты мүшелері – Досыбаев Н.М., Сүлейменова Ж.Д.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің **ШЕШІМІ:**

5.2 Сөз сойлегендердің баяндамалары назарға алынсын.

5.3. Қоғамдық кеңес мүшелерінен сұрақтар келіп түсті және Министрлік өкілдерінен түсініктемелер алынды:

1) Жұмысшы мамандықтары жылы аясында қандай жұмыстар атқарылуда?

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесінің беделін, қолжетімділігін арттыруға және оны еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіруге бағытталған ауқымды трансформация жүргізілуде.

Үкімет 70 тармақтан тұратын іс-шаралар жоспарын бекітті, оның 20-сы іске асырылды, 50-і жұмыс үстінде. Үкіметтік комиссия құрылды, сондай-ақ ТЖКБ-ны трансформациялаудың 2025–2027 жылдарға арналған Жол картасы қабылданды.

Өңірлерде 688 жоба іске асырылуда, 13 министрлік салалық жоспарларды әзірледі. Жүйені қаржыландыру ұлғайтылуда: жан басына шаққандағы қаржыландыру 437 мың теңгеден 913 мың теңгеге дейін өседі. 622 колледжге 4 мың кәсіпорынның белсенді шефтік етуі жүргізілуде, 18 мыңнан астам компанияның қатысуымен 108 мың студентті қамтитын дуалды оқыту дамытылуда.

Студенттердің тұрғын үй мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді – мұқтаждардың 87%-ы орынмен қамтамасыз етілген, жыл соңына дейін тағы 9 жатақхана пайдалануға беріледі. Жас мамандар үшін «Наурыз жұмыскер» жеңілдетілген ипотекасы іске қосылды.

Педагог-кәсіптік бағдар берушінің мәртебесі бекітілді. Кәсіптік бағдар беру жұмысы күшейтілді: 2,4 млн оқушы кәсіптік бағдар беруге тартылды, 1 781 кәсіптік бағдар беруші жұмыс істейді, олардың саны 2026 жылға қарай 8 мыңға жетеді. «Маман» ұлттық бағдарламасы қабылданды, «Сенің мансаптық стартын» онлайн-курсы жұмыс істейді.

ТЖКБ саласы кадрлармен белсенді толығып жатыр: «бүйірден кіру» моделі бойынша өндірістен 309 маман колледждерге тартылды. Еліміздің жетекші кәсіпорындарына 1 191 ТЖКБ түлегі жұмысқа орналастырылды (жоспар 1 000 болғанда).

Академиялық ұтқырлық пен IT-бағыттар бойынша онлайн-оқыту енгізілді. Қостанайда Германиядағы серіктестердің қатысуымен Халықаралық дуалды оқыту орталығы ашылды. Арнайы айдарлар арқылы БАҚ-та, әлеуметтік желілерде (барлық арналарда 117 мыңнан астам жазылушы) іс-шараға қоғамдық назар күшейтілуде. Барлық іс-шаралардың негізгі мақсаты – жұмысшы мамандықтарын тартымды, ал ТЖКБ жүйесін заманауи, икемді және экономиканың нақты қажеттіліктеріне бағдарланған ету.

2) ТЖКБ-ны трансформациялаудың Жол картасы қалай іске асырылуда?

2025 жылдың қаңтарында үш министрліктің бірлескен бұйрығымен 2025–2027 жылдарға арналған ТЖКБ-ны трансформациялаудың Жол картасы бекітілді. Бұл – ТЖКБ жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес келетін икемді және тиімді экожүйеге айналдырудың негізгі құралы.

Жол картасын іске асыру үш жылға есептелген және 7 бағытты, 19 қадамды және 87 іс-шараны қамтиды.

Бұл — ТЖКБ жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес келетін икемді және тиімді экожүйеге айналдыруға бағытталған кешенді жоспар. Жол картасы жүйенің барлық негізгі бағыттарын қамтиды: білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, колледждерді басқаруды жетілдіру, бизнеспен әріптестікті дамыту, білім беру процесін цифрландыру және кадрларды даярлаудың халықаралық жүйесіне интеграциялау.

Жол картасының іске асырылуы жоспарға сәйкес жүріп жатыр.

Қоғамдық кеңестің төрағасы

Қоғамдық кеңестің хатшысы



Ә. Бектұрғанов

Н. Кенебаева